

## Ауданда 2009 жылы қоғамдық жұмыстар өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 4/1 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 ақпанда N 105 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2010.01.18 N 1/1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2010.01.18 N 1/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабы 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелеріне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі кәсіпорындар мен ұйымдармен жасасқан шарттар бойынша 200 адам үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырсын.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 04.13 N 76/4 қаулысымен.**

2. Қоғамдық жұмыстар өтетін аудан ұйымдары мен кәсіпорындарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, қаржыландыру көлемі мен көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Тұрғындардың мақсатты топтағы асырауында төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы аналар, үшінші топтағы мүгедектер, медициналық – бақылау комиссиясының әлеуметтік сараптамасы анықтамасы бойынша еңбекте шектеулері бар азаматтар арасындағы жұмыссыздар үшін еңбек ақысын толық төлеумен 36-сағаттық жұмыс аптасы және икемді жұмыс кестесі қарастырылсын.

4. Үшінші топтағы мүгедектер және медициналық – бақылау комиссиясының әлеуметтік сараптамасы анықтамасы бойынша еңбекте шектеулері бар азаматтар арасындағы жұмыссыздар денсаулық жағдайларына сәйкес, медициналық мекеме ұсынатын жұмыс түрлері бойынша қоғамдық жұмыстарға жіберілсін.

5. Қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздарға төлемақы Қазақстан Республикасының 2008 жылы 4 желтоқсандағы "2009 жылға арналған

республикалық бюджет туралы" Заңымен бекітілген ең төмен айлық еңбекақыдан кем емес мөлшерде белгіленсін.

6. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландырудың көлемі 2009 жылға бекітілген аудан бюджетіне сәйкес 002 100 "Қоғамдық жұмыстар" кіші бағдарламасы бойынша анықталсын.

7. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде N 12-11-88 тіркелген, 2008 жылғы 7 ақпандағы N 6 (7658) "Нива" газетінде жарияланған, аудан әкімдігінің 2008 жылғы 21 қаңтардағы "2008 жылы қоғамдық жұмыстар өткізу туралы" N 16/1 қаулысының, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 19-11-96 тіркелген, 2008 жылғы 29 мамырдағы N 22 (7674) "Нива" газетінде жарияланған аудан әкімдігінің 2008 жылғы 5 мамырдағы 197/5 "Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 21 қаңтардағы N 16/1 "Аудан 2008 жылы қоғамдық жұмыстарды өткізу туралы қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының күші жойылған деп саналсын.

8. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Ш. Шәмкеноваға жүктелсін.

Аудан әкімі *Т. Бастенов*  
Павлодар ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 13 қаңтардағы N 4/1  
қаулысына қосымша

### **Қоғамдық жұмыстар өтетін аудан ұйымдары мен кәсіпорындарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, қаржыландыру көлемі мен көздері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 04.13 N 76/4 қаулысымен; өзгерту енгізілген 2009.09.04 N 250/9 қаулысымен.**

N п/п	Ұйымдар мен кәсіпорындардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Жұмыс көлемі (млн. теңге)	Жұмыс орындарының саны, адамдар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
1	"Павлодар ауданы Пресное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	1. Елді мекендер аумақтарын, қар бұрқасындарын қолмен жинау, көк тайғақпен күрес.	0,419	11	Аудандық бюджет
2	"Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	Қоқыс шығару, ескі	0,335	9	Аудандық бюджет

3	"Павлодар ауданы Ефремовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	кұрылыстарды бұзу.	0,419	11	Аудандық бюджет
4	"Павлодар ауданы Жетекші әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	2 . Әлеуметтік-мәдени объектілерді қалпына келтіру және күрделі жөндеу жұмыстарында көмек көрсету.	0,377	10	Аудандық бюджет
5	"Павлодар ауданы Заря ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	көмек көрсету.	0,671	17	Аудандық бюджет
6	"Павлодар ауданы Занғар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	3. Тарихи және мәдениет	0,227	8	Аудандық бюджет
7	"Павлодар ауданы Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	ескерткіштерін, кешендер мен қорықтарды, қалпына келтіру жұмыстарында көмек көрсету.	0,671	17	Аудандық бюджет
8	"Павлодар ауданы Красноармейка округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	көмек көрсету.	0,629	17	Аудандық бюджет
9	"Павлодар ауданы Луганск ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	4. Аймақтарды экологиялық сауықтандыру: көгалдандыру,	0,335	10	Аудандық бюджет
10	"Павлодар ауданы Мичурин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	аумақтарды көріктендіру, көктемде, күзде ағаш отырғызу, жасыл ағаштарға жазда су қ Ұ ю .	0,335	9	Аудандық бюджет
11	"Павлодар ауданы Ольгинка ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	к Ұ ю .	0,255	9	Аудандық бюджет
12	"Павлодар ауданы Рождественка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	5. Мәдени ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру, спорт	0,377	10	Аудандық бюджет
13	"Павлодар ауданы Маралды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	жарыстарын, спартакиадаларды, фестивальдерді өткізу жұмыстарына көмек көрсету.	0,419	11	Аудандық бюджет
14	"Павлодар ауданы Чернорецк ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме	көмек көрсету.	0,629	16	Аудандық бюджет
	"Павлодар ауданы Черноярка ауылдық	6. Ауыл тұрғындарын, қосалқы			

15	округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекеме	шаруашылықтарды ( мал, құс) есепке алуға көмек көрсету.	0,335	9	Аудандық бюджет
16	"Павлодар ауданы Шақат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме		0,503	13	Аудандық бюджет
17	Павлодар ауданы әкімдігінің, Павлодар ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Коммунальщик"	7. Участкелік комиссияларға құжаттарды ресімдеу, үйлерді және аулаларды аралауға көмек көрсету.  8. Ауылшаруашылық зиянкестерімен күрес жөніндегі маусымдық науқандарға қатысу.  9. Болуы ықтимал инфекция ауруларының ошақтарын жоюға көмек беру (ит ұстау, кеміргіштерді жою, малды вакциналау).  10. Құжаттарды ресімдеу кезінде көмек көрсету (қайта тіркеу, құжаттарды айырбастау жөніндегі компаниялар)	0,293	9	Аудандық бюджет
18	"Жер қатынастары бөлімі" Мемлекеттік мекеме	Құжаттарды ресімдеу кезінде көмек көрсету (қайта тіркеу, құжаттарды айырбастау жөніндегі компаниялар)	0,84	2	Аудандық бюджет
19	Алынып тасталды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009.09.04 N 250/9 қаулысымен.				
	Жиыны:		7397,0	200	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК